

Бекітемін: *Ж. С. Төлегенова*
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
балалбақшасының меңгерушісі
К.К. Сейдалиева

«Айналайын ақ мамам»

«Ақбота» Ортаңғы



Тәрбиешілер: Ж.С.Төлегенова
Г.М.Бесбаева
Музыка жетекшісі: Ж.Р.Бөлегенова

Шымкент 2023ж

«Айналайын ақ маман»

Зал иш мерекеге сай безендірілген.

Балалар қолдарында жүрекшемен сахнаға шығады да төрт қатарға тұрады. Музыка әуенімен қолдарындағы жүрекшемен билейді. Музыка тоқтап балалар өз орындарына жайғасады.

Жүргізуші:

Көктем келсе табиғат құлпырады,
Жүректерге ғажайып сыр тұнады.
Гүлге толып айнала күн жарқырап,
Жанарларда қуаныш нұр тұнады,
Музыка әуенімен Көктем келеді

Көктем:

Мен Көктеммін, Көктеммін,
Былтыр келіп кеткенмін
Көзін ашып бұлақтың.
Түбіне тал еккенмін.
Жайнататын бар гүлді
Сайрататын бұлбұлды
Тіршіліктің бастауы
Көктем айы мен болам

Жүргізуші: - Ару көктем қош келдіңіз, төрлетіңіз. Біздің сізге арнаған балалардың көктем туралы тақпақтарын тыңдайық.

Асылым: Көктем болды алақай

Қуанар барлық балақай
Көктемде жаңбыр болады.
Бақшаға гүлдер толады

Нұрбиләл: Қандай қызық көктемде

Күн шуағын төккенде
Гүл тереміз алуан
Шығып алып көк белге

Ұлзере: Көктем келді, күн шығып,

Айлар, күндер тұр күліп.
Тура анам секілді,
Мейірімді боп тұр күліп.

Рамазан: Анамыздың мейірлі

Жүзіне біз қараймыз.
Анамызды пейілді
Жомарт жанға балаймыз.

Абдурахим: Күн шуағын шашады

Жауын да жауып алады.

Көктем келіп жеткенде
Ағаштар бүршік жарады
Раяна: Көктем күні керемет
Жаңбыр жауар себелеп,
Күн ашылса болғаны
Көлбеңдейді кобелек

Жүргізуші: Аналарды сүйеміз!
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз!
Сенен өскен балалар-
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті ана, аналар!

Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке?
Балалар ең асыл жан кім? \Ана\
Қызығында, бұзығында көтеретін кім? \Ана\
Үнемі жанында періштедей қорғаштап, демеу беретін кім? \Ана\
Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\
Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш
сыйлағымыз келе ме? \ Иә әрине \
Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарға арнап ән айтамыз.

Ән «Ақ мамам»

Жүргізуші:
Ақ анапым, әппағым.
Өзің жайлы тақпағым.
Арналады сіздерге.
Бар баланың тақпағы-дей отыра сіздерге арналған тақпақтары қабыл алыңыздар!

Дінмұхамед: Анамыздың мейірлі
Жүзіне біз қараймыз.
Анамыздың пейілді
Жомарт жанға балаймыз.

Кәусар: Мәпелейсің мені анам
Қолындағы құсындай
Құлыңыра өсіп дем алам
Құшағында қысылмай

Мансұр: Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті біздің аналар

Айбар: Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған,

Анашым деп мактанам,
Айналайын ақ анам!

Айша: Әлпештеген аялаған
Ақ сүт берген апатайым
Сәлем жазып бүтін саған
Мейрамыңмен құттықтаймын

Злиха: Ақ анашым, апшағым,
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

Осман: Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір-бірден
Аналарға сыйлаймыз.

Жүргізуші:

Мерекеге арналады бүгін билер,
Көтерілсін канекей, көңіл күйлер
Алдарыңызға қазір ұлдар биі.
Қол соғып демеу берер көрермендер

Би «Ұлдар»

Жүргізуші: Әлпештеген баласын
Ана-бақыт, Ана күн
Өркім сүйіп өзінің
Мақтан етер анасын- деп балалардың тақпақтарын тыңдаңыздар

Аяна: Шашымды өріп тараған,
Қабағыма қараған
Үлкен кіші демеуді
Сыйлайды оны бар адам.

Айым: Анам менің сүйіктім
Тек өзіңе табынам
Қасымда жүрсең биікпін
Алыстасаң сағынам

Жәннат: Ақ мамамды әрқашан,
Сағынамын, сыйлаймын.
Мейрам сайын мен оған,
Түрлі сыйлық сыйлаймын.

Серік: Анамды мен жақсы көрем
Айтқан тілін алып жүрем
Қасымда апам жүргенде
Шаттанып ойнап күлем

Фердавс: Мәпелеп мені өсірген
Ризамын мен өзіңе.

Ана деген керемет,
Сыйлап өтем өмірде.

Абдулла: Бүгін Наурыздың сегізі
Сұлулықтың егізі.
Әдемі сөз анамның,
Анаға айтар лебізі.

Мүсілім: Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз

Рахатайым: Еркелесем күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін.
Маңдайымнан сипап мені
Құлыншағым күнім дейтін

Аружан: Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым

Жүргізуші: Мың бұралған ақ қайындай
Бишелер шықсын ортаға.
Ал ендеше қол соғайық,
Қошеметпен қолқала.

Құлырған көктем келді, қыздарымыздың биін тамашалаңыздар!

Би «Қыздар»

Ән: «Айхай қыздар ай»

Жүргізуші: Тамаша, міне көрдіңіздерме біздің балалар өнерлі әнші!
Енді аналарымызды ортаға шақырайық ойын ойнайық!

«Көңілді шарлар»

Бүгінгі мерекеге балалардың аналарына арнаған сыйлықтарын қабыл аласыздар.

Жүргізуші: Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке – дей отыра бүгінгі мерекеге арналған
ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

